

- 1) app.testcenter.kz сайтына кіріңіз / және интерфейс тілін таңдаңыз;
- 2) Өтініш беру жүйесінде электрондық пошта арқылы тіркеліңіз (Ұлттық тестілеу орталығынан алынған хатта міндетті түрде электрондық поштаны растаңыз);
- 3) Өтініш беру жүйесінде алынған логин мен пароль арқылы авторизациядан өтіңіз (логин мен пароль көрсетілген хатты жою мүмкін емес);
- 4) ЖСН көрсету және Іздеу батырмасын басыңыз (аты-жөні автоматты түрде шығады), байланыс телефон нөмірін көрсетіңіз;
- 5) "Өтініш беру" қосымша бетіне өтіп, "Жоғары оқу орнынан кейінгі білімді (магистратура-докторантура)" таңдаңыз;
- 6) "Докторантураға түсу емтиханын" таңдаңыз;
- 7) Тіркелу үшін ақпараттарды толтырыңыз;
- 8) Докторантураға түсу емтиханының өткізу қағидаларымен танысқаныңызды міндетті түрде растаңыз;
- 9) Төлем әдісін таңдап, тестілеу үшін төлем жасаңыз.

Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін осындай хабарлама көрсетіледі: "Өтініш сәтті берілді!».

Оқуға түсуші емтихан тапсыратын қаланы өз бетінше таңдайды.

Егер оқуға түсушіге берілген өтініште өзгерту енгізу қажет болған жағдайда, (емтихан тапсыратын қала, білім беру бағдарламаларының тобы, тестілеу тапсыру тілі үшін) оған өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін редакциялау мүмкіндігі беріледі (3 тамызға дейін).

Ол үшін:

- 1) "Менің тарихым" қосымша бетіне өту;
- 2) Өтінішті ашу және "өтінішті редакциялау" батырмасын басу;
- 3) Өзгерістер енгізу;
- 4) Өңдеуден кейін "Сақтау" түймесін басу қажет.